**«ТАУ-КЕН ӨНДІРУШІ ЖӘНЕ ТАУ-КЕН МЕТАЛЛУРГИЯ КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ» ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР БІРЛЕСТІГІ (бұдан әрі – «ТМКҚ») МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫРТТАЙ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №1**

**Нұр-Сұлтан қ.** **10 маусым 2021 жыл**

**2021 жылдың 17 мамырында** ТМКҚ мүшелерінің атына сырттай жалпы жиналыстың күн тәртібіне енгізілген мәселелерге, ТМКҚ-ға мүше келесі кәсіпорындардан келіп түскен ұсыныстарды ескере отырып, дауыс беру бюллетені бар құжаттар пакетін ресми түрде жіберілді:

1. «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ;
2. «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ (бұдан әрі – ӨТМК);
3. «Еуразиялық өнеркәсіптік қауымдастығы» ЗТБ (бұдан әрі – ЕӨҚ).

ТМКҚ мүшелерінен бюллетеньдерді ұсынудың соңғы мерзімі – **31 мамыр 2021 жыл.**

ТМКҚ-ға мүше кәсіпорындардың жалпы саны – **119 (жүз он тоғыз).**
ТМКҚ-ның әрбір мүшесінің бір дауысы бар.

Белгіленген мерзімде ТМКҚ мүшелерінің уәкілетті өкілдері *(олардың өкілеттіктері туралы құжаттар бюллетеньдермен бірге ұсынылған)* қол қойған **90 (тоқсан)** бюллетень келіп түсті.

Кешіккен бюллетеньдер, сондай-ақ ТМКҚ мүшелерінің еркін білдіруге мүмкіндік бермейтін немесе бюллетеньге қол қойған адамның өкілеттігін растайтын құжаттарды қамтымайтын бюллетеньдер болған жоқ.

Кворум мен дауыстарды есептеу үшін **90 (тоқсан)** дана келіп түскен барлық бюллетеньдер есепке қабылданды, бұл ТМКҚ мүшелерінің жалпы санының 75,6%-ын құрайды.

Осылайша, ТМКҚ мүшелерінің Жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін кворум бар.

«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» 2001 жылғы 16 қаңтардағы № 142-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – ҚР Заңы) 39-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жоғары басқару органы (жалпы жиналыс, съезд, конференция, құрылтайшы) коммерциялық емес ұйым қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

ҚР Заңының жоғарыда баяндалған бабының негізінде ТМКҚ мүшелерінің осы Жалпы жиналысы ТМКҚ қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға уәкілетті.

**ТМКҚ мүшелерінің бастамасы және ұсыныстары бойынша ТМКҚ мүшелерінің Жалпы жиналысының күн тәртібіне ұсынылған мәселелер:**

1. Жиналысты шақыру тәртібі мен өткізу нысанын бекіту.
2. Жиналыстың күн тәртібін бекіту.
3. Жиналыстың төрағасы мен хатшысын сайлау.
4. Жарғыны жаңа редакцияда бекіту туралы.
5. Жаңа редакциядағы Құрылтай шартына қол қою.
6. Атқарушы директорды сайлау.
7. Ревизорды сайлау.
8. Онымен байланысты жоғалтқан мүшелерді ТМКҚ-дан шығару.
9. 2020 жылдың қорытындысы бойынша ТМКҚ қызметі туралы есепті бекіту.

**ПРОТОКОЛ №1**
**ЗАОЧНОГО ОБЩЕГО СОБРАНИЯ ЧЛЕНОВ**
**ОБЪЕДИНЕНИЯ ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ**
**«РЕСПУБЛИКАНСКАЯ АССОЦИАЦИЯ ГОРНОДОБЫВАЮЩИХ**
**И ГОРНО-МЕТАЛЛУРГИЧЕСКИХ ПРЕДПРИЯТИЙ» (далее – «АГМП»)**

**г. Нур-Султан** **10 июня 2021 года**

**17 мая 2021 года** АГМП официально направило в адрес членов АГМП пакет-документов с бюллетенем голосования к вопросам, включённым в повестку заочного Общего собрания, с учётом предложений, поступивших от следующих предприятий-членов АГМП:

1. АО «НГК «Тау-Кен Самрук»;
2. АО «Усть-Каменогорский титано-магниевый комбинат» (далее – УКТМК);
3. ОЮЛ «Евразийская промышленная Ассоциация» (далее – ЕПА).

Окончательный срок предоставления бюллетеней от членов АГМП – **31 мая 2021 года.**

Общее количество предприятий-членов АГМП – **119 (Сто девятнадцать).**
Каждый член АГМП имеет один голос.

В установленный срок поступило **90 (Девяносто)** бюллетеней, подписанных уполномоченными представителями членов АГМП *(документы об их полномочиях представлены вместе с бюллетенями).*

Опоздавших бюллетеней, а также бюллетеней, которые не позволяют установить волеизъявление членов АГМП либо не содержат документов, подтверждающих полномочия лица, подписавшего бюллетень, нет.

К учёту для подсчёта кворума и голосов приняты все поступившие бюллетени в количестве **90 (Девяносто)** штук, что составляет 75,6% от общего количества членов АГМП.

Таким образом, кворум для принятия решений по вопросам повестки Общего собрания членов АГМП имеется.

В соответствии с подпунктом 1) пункта 1 статьи 39 Закона Республики Казахстан от 16 января 2001 года № 142-II «О некоммерческих организациях» (далее – Закон РК) высший орган управления (общее собрание, съезд, конференция, учредитель) вправе принимать решения по любым вопросам деятельности некоммерческой организации.

На основании вышеизложенной статьи Закона РК настоящее Общее собрание членов АГМП уполномочено на принятие решений по любым вопросам деятельности АГМП.

**Вопросы, предложенные в повестку Общего собрания членов АГМП по инициативе и предложениям членов АГМП:**

1. Утверждение порядка созыва и формы проведения Собрания.
2. Утверждение повестки дня Собрания.
3. Избрание Председателя и Секретаря Собрания.
4. Утверждении Устава в новой редакции.
5. Подписание Учредительного договора в новой редакции.
6. Избрание Исполнительного директора.
7. Избрание Ревизора.
8. Исключении из АГМП членов, утративших связь с ней.
9. Утверждение Отчёта о деятельности АГМП по итогам 2020 года.